

KASE АПТАЛЫҒЫ

17-21 шілде
2023

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне Шымкент қаласы әкімдігінің [KZSJ00000127](#) (SHK008_012) және [KZSJ00000135](#) (SHK024_013), Ақтөбе облысы әкімдігінің [KZMJ00001584](#) (ABK024_158), Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00009958](#) (EABRb41), "Тойота Финаншл Сервисез Казахстан" МҚҰ " ЖШС [KZ2P00009699](#) (MFTFb2) облигациялары енгізілді.
- KASE ресми тізімінен: "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ-ның [KZ2C00008670](#) (KFUSb37) облигациялары – айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты, "North Caspian Petroleum" АҚ-ның [KZ1C00006899](#) (NCPN) жай акциялары, "СиСилПоун.кз" МҚҰ" ЖШС-ның [KZ2P00007743](#) (MFCCb1) облигациялары – жойылуына байланысты, Ақтөбе облысы әкімдігінің [KZMJ00001097](#) (ABK024_109) облигациялары – мерзімінен бұрын өтелуіне байланысты алынып тасталды.
- KASE-де "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ-ның [KZ2C00009371](#) (KFUSb50) және [KZ2C00009470](#) (KFUSb55) облигацияларымен, АҚШ Қаржы министрлігінің [10 шығарылымының](#), [жеті шығарылымының](#) және [US91282CBM29](#) (US_54_2402) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де "Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)" СК" АҚ-ның [KZ1P00014559](#) (SABRr) артықшылықты акцияларымен сауда-саттық тоқтатыла тұрды.
- KASE индикаторлардың өкілдік тізімінен олардың айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ-ның KASE_VM* сериялы KZ2C00008670 (KFUSb37) облигацияларын [алып тастады](#).
- "Фридом Финанс" АҚ-на "ҚазАгроҚаржы" АҚ KZ2C00009843 (KAFIb13) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкері мәртебесі берілді.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстанның Қаржы министрлігі KASE-де 249,0 млн МЕККАМ-12 155-ші шығарылымын ([KZK100000308](#), MKM012_0155), 97,5 млн МЕУКАМ-96 14-ші шығарылымын ([KZKD00001228](#), MUM096_0014), 13,0 млн МЕУКАМ-156 жетінші шығарылымын ([KZKD00001103](#), MUM156_0007) және 41,7 млн МЕУКАМ-180 алтыншы шығарылымын ([KZKD00000535](#), MUM180_0006) орналастырды.
- "ОнлайнКазФинанс МҚҰ" АҚ KASE-де KZ2C00009769 (MFOKb11) әлеуметтік облигацияларын жылдық 21,50 % өтеуге кірістілігімен орналастырып, жазылу арқылы 1,8 млрд теңге [тартты](#).
- Жамбыл облысының әкімдігі KASE-де KZMJ00001550 (DZK008_155) облигацияларын орналастырып, 4,2 млрд теңге [тартты](#).
- Шымкент қаласының әкімдігі KASE-де KZSJ00000127 (SHK008_012) облигацияларын орналастырып, 9,9 млрд теңге [тартты](#).
- Шымкент қаласының әкімдігі KASE-де KZSJ00000135 (SHK024_013) облигацияларын орналастырып, 5,5 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00009371 (KFUSb50) облигацияларын орналастыра отырып, 4,9 млрд теңге [тартты](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік қызметтің нәтижелері туралы [хабарлайды](#).
- "BCC Invest" АҚ "ЦентрКредит-Валютный" ИПИҚ KZPF00000058 (BCCI_cc) пай ұстаушыларына 2023 жылдың сәуір–маусымы үшін дивидендтер төленетіні туралы [хабарлады](#).
- "Ақ Алтыналмас" АҚ 2023 жылдың екінші тоқсанында артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер [төледі](#).
- "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ 2022 жыл үшін дивидендтерді төлеудің аяқталғаны туралы [хабарлайды](#).
- "Жайықмұнай" ЖШС NOSTRUM OIL & GAS PLC компаниясының "Степной леопард" кен орындарын сатып алғанын [хабарлады](#).
- "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" АҚ Fitch Ratings агенттігінің компанияның рейтингтерін "Тұрақты" болжамымен растағаны туралы [хабарлады](#).
- "Fincraft Group" ЖШС S&P Global Ratings агенттігінің компанияның рейтингтік бағасын "Тұрақты" болжамымен төмендеткені туралы [хабарлады](#).
- "Банк ЦентрКредит" АҚ S&P Global Ratings агенттігінің банктің рейтингтік бағасын "Тұрақты" болжамымен көтергені туралы [хабарлады](#).



21.07.2023

Трендтер (%)

KASE Индексі	3 681,50	1,7	4,1
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
ТРЕНДЫ			
АО "НК "КазМунайГаз"	11 000,00	10,5	10,2
Bank of America Corporation	31,68	5,6	8,9
АО "Казактелеком"	32 970,35	4,7	6,7
Apple Inc.	193,85	3,3	4,3
АО "КазТрансОйл"	807,01	2,6	7,0
Pfizer Inc.	36,97	1,7	- 7,6
АО "KM GOLD"	129,00	1,6	- 8,8
PayPal Holdings Inc.	73,04	1,2	10,8
АО "Банк ЦентрКредит"	687,99	0,8	2,1
АО "ForteBank"	3,82	0,5	- 0,3
АО "Кселл"	1 903,98	0,3	0,7
АО "Банк ЦентрКредит"	576,00	0,2	3,0
АО "КЕГОС"	1 570,00	0,1	0,4
АО Kaspi.kz	39 590,99	- 0,0	6,4
Intel Corporation	33,68	- 0,4	- 7,0
АО "Народный банк Казахстана"	165,49	- 0,5	7,2
Ford Motor Company	14,21	- 0,7	- 0,4
AT&T Inc.	14,98	- 0,7	- 6,4
Tesla, Inc.	264,03	- 1,1	5,4
АО "НАК "Казатомпром"	12 519,66	- 2,0	- 3,1
Freedom Holding Corp.	79,55	- 3,0	- 1,1
АО "БАСТ"	7 451,00	- 4,4	- 1,8
Advanced Micro Devices, Inc.	110,50	- 4,7	- 8,1

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Жергілікті акциялар нарығында жазғы маусымға қарамастан көптеген қызықты оқиғалар болып жатыр. Өткен аптада KASE индексі 2022 жылдың ақпанында 3600 тармақ белгісін батыл бұзып, тарихи максимумдарға жақындап, одан әрі жылжыды. 2021 жылдың 8 қарашасында қол жеткізілген рекордтық 3 790 тармаққа дейін 120 тармақ немесе 3,3 % жетіспейді.

ҚазМұнайГаз ұлттық компаниясының акциялары аптаның сөзсіз көшбасшысы болды. Бағалы қағаздар бағасына 10,52 % қосып, акция үшін – 10 950 теңге көлемінде жаңа тарихи ең жоғары баға белгіленді. Олардың бағамының өсуіне себеп болған акцияларға сұраныс Энергетика министрлігінің Қазақстандағы күнделікті мұнай өндіру 9 шілдеде электр энергиясын беруді қалыпқа келтіргеннен кейін тәулігіне 1,8 млн баррельге дейін қалпына келгені туралы хабарламасымен байланысты болуы мүмкін. Бұл ретте компанияның сыртқы ортасы бейтарап болды. Қыркүйек айындағы фьючерстерге қарағанда, әлемдік нарықтарда Brent маркалы мұнай бағасы барреліне 80 доллар шамасында сақталып отыр. Жалпы IPO-дан бері өткен жылдың желтоқсанында ҚМГ акцияларының бағасы 30 %-ға жуық өсті.

Тағы бір бенефициар елдегі мұнай өндірісін қалпына келтіру туралы жаңалықтар апта ішінде бағасы 2,61 %-ға өскен ҚазТрансОйл акциялары болды. Компания сондай-ақ 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы операциялық нәтижелерді жариялады және олар жағымсыз емес, позитивті болып көрінеді: магистральдық мұнай құбырлары жүйесімен мұнай тасымалдау көлемі 6,5 %-ға өсті, ал шоғырландырылған жүк айналымы 0,9 %-ға төмендеді.

KASE индексідегі қаржы саласы өкілдерінің акциялары әлсіз аралас динамиканы көрсетті. Банк ЦентрКредит бағаға 0,8 % қосты, ал Halyk Bank пен Kaspi.kz бір аптада тиісінше 0,5 % және 0,02 % төмендеді. БЦК бойынша S&P Global Ratings агенттігі бизнестің белсенді дамуын, клиенттік базаның өсуін және активтер сапасының негізгі көрсеткіштерінің жақсарғанын атап өтіп, рейтингті В+ тен ВВ-ге дейін бірден екі тармаққа көтерді. Kaspi.kz бойынша бүгін, 24 шілдеде жартыжылдықтағы нәтижелер жарияланады деп күтілуде.

Индекстік тізімнің телекоммуникациялық өкілдері Қазақтелеком акцияларының 9 %-ын және Kcell акцияларының 15 %-ын Jusan Technologies-тен ғалымжан Есеновке беру туралы жаңалықты қайталауды жалғастыруда. Бір аптада Қазақтелеком 4,67 %, Kcell – 0,26 % қосты.

Борыштық капитал нарығында ОнлайнКазФинанс микроқаржы ұйымы жылдық 21,5 % өтеуге кірістілігімен жазылу арқылы 1,8 млрд теңге тартты. Бұл бағдарлама аясында 20 млрд теңгенің екінші әлеуметтік облигацияларын тарту. Бірінші раунд аясында өткен айда 2,5 млрд теңге тартылды. Осы облигациялар бойынша сұраныс ұсыныстан 1,8 есе асып түсті.

Қазақстанның орнықтылық қоры да жалпы сомасы 10 млрд теңге болатын екі орналастыруды өткізді. Бір жылға ол жылдық 12,5 % және үш жылға TONIA + 1,09 % мөлшерлемесімен тартты.


Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында Қаржы министрлігі жылдық 12,2-ден 14,6 %-ға дейінгі өтеуге кірістілікпен бір жылдан 11 жылға дейінгі мерзімге төрт орналастыру шеңберінде 170,8 млрд теңге тартты. Жергілікті атқарушы органдардан Шымкент қаласының әкімдігі бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге жылдық 0,35 - 4,23 % өтеуге кірістілікпен 15,4 млрд теңге тартты. Жамбыл облысының әкімдігі жылдық 4,23 % өтеуге кірістілікпен бір жылға 4,3 млрд теңге тартты.



KASE ақша нарығында бір күндік TONIA repo тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінде қалуды жалғастыра отырып, жылдық 16,20 %-дан 16,66 %-ға дейін өсті. АҚШ долларымен бір күндік валюта свопы операцияларының кірістілігі базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінде сауда-саттық жасай отырып, жылдық 14,16-дан 15,08 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Базалық мөлшерлеме Repo-1д Свop-1Д




ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі

21.07.2023 (KZT Yield) 30.12.2022 31.12.2021





Маусым айының қорытындысы бойынша теңгенің бір доллар үшін 452,26 теңге деңгейіне дейін немесе 1 %-ға шамалы әлсіреуі байқалды.

Ұлттық қордан валютаны сату бойынша операциялар, сондай-ақ валютаны сатып алу бойынша операциялар көлемі маусым айында БЖЗҚ валюталық үлесін қолдау үшін біздің болжамдарымызға сәйкес келді және тиісінше 550 және 240 млн АҚШ долларын құрады.

Квазимемлекеттік сектор компаниялары өткен айдың ішінде 288 млн АҚШ долларын сатқан. Сондай-ақ Үкімет қаулысына сәйкес ағымдағы жылдың шілдесінен бастап валюталық түсімді міндетті түрде сату үлесі 50 %-дан 30 %-ға дейін төмендегенін атап өткіміз келеді.


Маусым айының соңында Ұлттық қордың валюталық активтерінің көлемі алдын ала деректерге сәйкес 59,8 млрд, АҚШ долларын құрап, өткен айда 600 млн. АҚШ доллары сомасына ұлғайды.

Өткен айда Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттер түрінде 279 млрд теңге аударылды. Осы мақсатта ішкі валюта нарығында 550 млн АҚШ долларына шетел валютасы біркелкі сатылды.

Бұл ретте Ұлттық қордың шоттарына түсетін валюталық түсімдер маусым айында 310 млн. АҚШ долларын құрады.


Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.23)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	4 536,34	0,7	3,9	13,4	0,6
Dow Jones	35 227,69	2,1	3,8	10,0	2,1
PTC	1 012,37	-0,2	-4,3	-11,4	-0,1
MMББ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-0,1
Hang Seng	19 075,26	-1,7	-0,7	-7,3	-2,0
SS CSI 300	3 821,91	-2,0	-1,1	-9,8	-1,7
Euro Stoxx 50	4 391,41	-0,2	1,6	22,1	-0,3
FTSEuroFirst	4 962,50	0,5	1,4	15,0	0,7
FTSE 100	7 663,73	3,1	1,4	5,4	2,9
KASE	3 681,50	1,7	4,1	33,7	

Шикізат нарығы

21.07.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	81,07	1,5	5,1	-21,9
Мұнай (WTI)	77,07	2,2	6,3	-20,0
Табиғи газ	2,71	6,9	4,5	-65,8
Мыс	380,30	-3,0	-2,8	15,2
Темір	888,50	1,1	2,5	23,2
Алтын	1 961,94	0,3	1,5	14,1
Күміс	24,70	-1,3	8,3	32,2
Астық	697,50	8,7	-5,0	-13,5

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
24.07 Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI)	EUR	40,3	40,6
24.07 Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI)	GBP	45,9	46,5
26.07 ФРЖ пайыздық мөлшелемесі бойынша шешім	USD	5,5 %	5,25 %
27.07 Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға бастапқы өтінімдер саны	USD	233K	228K
27.07 ЖІӨ (тоқсан/тоқсан) (2-тоқ.)	USD	1,8 %	2,0 %
27.07 Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (шілде)	EUR	4,25 %	4,00 %
28.07 Жапония Банкінің баспасөз конференциясы	JPY		

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

B – миллиард
M – миллион
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	14,6%	01.07.23	15,9%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	34,5	01.07.23	35,5
Ақша базасы, млрд KZT	10 440,8	01.07.23	9 654,0
Ақша масса, млрд KZT	34 713,6	01.07.23	33 980,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 әлсіз	03.03.23	BBB-/A-3 негативті
	Вaa2/әлсіз	11.08.21	Вaa3/позитивті
	BBB/әлсіз	26.05.23	BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.